

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
«БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ» КМҚК

ҚАРАЛДЫ

Әдістемелік
жетекшісінің

отырысында

Хаттама №

«02» 09 2024ж

Әдістемелік бірлестік

жетекшісі С.А. М.К.Сарина

КЕЛІСІЛДІ

Бөбекжай әдіскері

Г.Ж.Ермекбаева

«02» 09 2024ж.

БЕКІТЕМІН

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

менгерушісі

К.Д.Бақтыбаева

«02» 09 2024ж.



«Ұлттық тәрбие-ұлттық қазына»
Коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық
дағдыларын дамыту бөлімі бойынша вариативтік компонент
БАҒДАРЛАМАСЫ
2024 ж. – 2027ж.

Құрастырушы: тәрбиеші: М.К.Сарина

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
«БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ» КМҚК**

ҚАРАЛДЫ

Әдістемелік
жетекшісінің
отырысында

Хаттама № ____

« ____ » ____ 2024ж

Әдістемелік бірлестік

жетекшісі ____ М.К.Сарина

КЕЛІСІЛДІ

Бөбекжай әдіскері

____ Г.Ж.Ермекбаева

« ____ » ____ 2024ж.

БЕКІТЕМІН

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

меңгерушісі

____ Қ.Д.Бактыбаева

« ____ » ____ 2024ж.

«Ұлттық тәрбие-ұлттық қазына»

**Коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық
дағдыларын дамыту бөлімі бойынша вариативтік компонент**

БАҒДАРЛАМАСЫ

2024 ж. – 2027ж.

Құрастырушы: тәрбиеші: М.К.Сарина

Мазмұны

Титулдық бет	1
Вариативтік компонент мазмұны.....	2
Түсінік хат.....	3
Тақырыптың өзектілігі.....	4
Мақсат-міндеттері.....	5
Әдіс-тәсілдері, күтілетін нәтиже.....	6
Қорытынды	7
Бағдарламаның тақырыптық жоспары.....	8
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	9
Қосымшалар.....	10-27

Түсінік хат

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Ұлт болашағы жас ұрпақтың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – біздің маңызды міндеттеріміздің бірі.

«Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, ұлттық құндылықтарымызды оқу- қазынасын қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған міндет мына біздің мойнымызда деп ойлаймын. Біз бүгінгі ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған бай мұрамыз салт-дәстүрлеріміз бен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек.

Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Балабақша қабырғасынан бастап Отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп өсіру – ең басты қағидат.

Балаларға отансүйгіштік, азаматтық тәрбие беруде, ертеңгіліктер, ұлттық ойындар, ұлттық аспаптармен әндер, ұлттық салт- дәстүрлер басқада іс шаралардың маңызы зор. Сол іс-шаралардың бірі салт дәстүрді насихаттау.

Ұлттық салт – дәстүрімізді насихаттауға арналған бұл бағдарламаны құрастыруда ұлттық ойын, әдет-ғұрып, сал-дәстүр түрлерін бала жасына сәйкес жоспарлап алдым. Қамшы өру, шаш өру, ұлттық санамақтар, ою өрнекті сәйкестендіру, қазақтың ұлттық ер баланың , қыз баланың киімдерін танып білу, ою құрастыру т.б әр түрлі тапсырмаларды орындау арқылы ойналады. «Киіз үйдің жабдықтарын ата», «Қазақтың ұлттық ер адамның, қыз баланың киімдері», «Ұлттық қазақ қыз баланың әшекей бұйымдары», «Ұлттық аспаптар», «Жеті қазынаны ата», «Ұлттық тағамдар» т.б.

Ұлттық ойын түрлері: асық ойындары, қимылды ойын түрлері әзірленді.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті , өжеттілігі, батылдықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Асық ату», «Түйелген орамал», «Теңге ілу», «Ұшты-ұшты», «Бәйге», «Көтермек» т.б ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші ,ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» балабақшалардан бастау алары сөзсіз.

Тақырыптың өзектілігі

Тәрбиеде құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелері бір-бірін толықтырып, өмірлік сын-қатерлерге төтеп бере алатын және табысты әлеуметтенген жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Балаларға ұлттық құндылықтар туралы мағлұматтар беріп, рухани адамгершілік-қасиеттерін дамыту. Тарихын сыйлайтын ұрпақ тәрбиелеу.

Ұлтымыздың әдет - ғұрпымен салт - дәстүріне жан бітіріп оның құнды қалпын сақтау. Ата - бабамыздан қалған асыл мұраны жаңғырту. Отанға деген, еліне деген сүйіспеншілік қасиетін арттырады.

Мақсаты:

Үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білетін жеке тұлғаны қалыптастыру. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:
отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Өз ойын, пікірін айту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
- Ұлттық құндылықты құрметтеуге баулу;
- Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

Әдіс-тәсілдер:

- ❖ Түсіндіру, әңгімелеу
- ❖ Сұрақ-жауап, диалог құру
- ❖ Мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар жаттау
- ❖ Ұлттық ойындар ойнату
- ❖ Дәстүрден тыс бейнелеу тәсілдерін қолдану.

-

Күтілетін нәтижелер:

- Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді біледі;
- Өз ойын, пікірін айта алады, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптасады;
- Ұлттық ойын түрлерін меңгереді;
- Ұлттық құндылықты құрметтейді;
- Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана біледі.

Қорытынды

Мектеп жасына дейінгі балаларды жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне білім,білік дағдыларын рухани адамгершілік құндылығын қалыптастыру.Баламен тілдесу барысында сергек қуанышты көңіл күйді ересектермен әңгімелесу ниетін қолдау.

Қорыта келе ұлтымыздың құндылығы ұлттық тағамының ерекшелігіне де байланысты. Қазақтың ұлттық қазынасы – ұлттық тәрбие арқасында ғана адам ұлтжанды,сыпайы да инабатты болады. Одан кейін ғана біз ұлт, халық ретінде қалыптаса бастаймыз. Біз егер ұлт ретінде ғана қалыптасқанда ғана біздің өз салт-дәстүріміз,тіліміз бен дініміз,ұлтшылдығымызбен,ауызбіршілік қасиеттері пайда бола бастайды.

Бағдарламаның күнтізбелік жоспары

2024-2025 оқу жылы

№	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін күні
	Қыркүйек	Шілдехана, әңгімелеу.	1	
		Бесік жабдықтары. Бесікке салу	1	
		Тұсау кесу (түсіндіру, көрсету)	1	
		Тілашар. Дидактикалық ойын «Оқу құралдары»	1	
	Қазан	Сүйінші.	1	
		Жеті ата (жаттау)	1	
		Бата түрлерімен таныстыру	1	
		Жеті қазынаны білейік!	1	
	Қараша	Дидактикалық ойын «Ұлттық киімдер»	1	
		Ұлттық музыкалық аспаптар	1	
		Ұлттық ойындар. «Орамал тастамақ»	1	
		Дидактикалық ойын «Киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздары»	1	
	Желтоқсан	Тыйым сөздер	1	
		Жұмбақтар шешу	1	
		Мақал-мәтелдер	1	
		Жаңылтпаштар жаттайық!	1	
	Қаңтар	Құрақ дегеніміз не? «Пішіндерден көрпеше құрайық» ұжымдық жұмыс.	1	
		Ұлттық ою-өрнектер Дәстүрден тыс сурет салу «Оюлар әлемі»	1	
		Зергерлік бұйымдар Мүсіндеу. «Анама білезік»	1	
		Домбыра және оның құрылысы Жапсыру «Домбыра»	1	
	Ақпан	Ұлттық ет тағамдары	1	
		Сүт тағамдары	1	
		Бауырсақ қалай жасалады? «Анам және мен» видео ролик қарау. (үйде бауырсақ пісіру)	1	
		Сюжеттік ролдік ойын «Қонақ күту»	1	
	Наурыз	Наурыз мейрамы Жапсыру «Оюлы текемет»	1	
		Наурыз көже	1	
		Қамшы өру әдісі	1	
		Шаш өру әдісі	1	

	Сәуір	Ұлттық ойын түрлері	1	
		Арқан тартыс	1	
		Ханалшы	1	
		Ақ серек,көк серек	1	
	Мамыр	Асық неден алынады?	1	
		Асық ойындары «Түсіне қарай тізбекте»	1	
		Ханталапай	1	
		Ойнайық, та ойлайық!	1	
Барлығы: 36 сағат				

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2022 ж.3 тамыз № 348 бұйрығы.
- 2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, 2022 ж.14 қазан № 422 бұйрығы
- 3.Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы,№ 194 от 30.07.2024
4. «Балдырған» балалар журналы жинағы, 2017, 2018ж.
5. Көркем әдебиет (хрестоматия) 4-5 жас Алматы баспасы- 2019
6. «Дәстүр» журналы Алматы -2018

ҚОСЫМШАЛАР

Шілдехана тойы

Жас нәрестенің дүниеге келуі ата-анаға, ағайын туыс, қауым-жұртқа зор қуаныш әкелумен қатар үлкен борышты жүктейді.

Шілдехана тойында:

Сен келді деп өмірге,
Қуануы жағып көңілге,
Шырақ жағып көңілге.

Тегін емес ,тегінде-деп қарт әжелердің ән шырқауында
үлкен мән-мағына бар.

Әйел адамға қалжаға сойылған қойдың мойынын мүжітеді.

Ондағысы баланың мойны тез бекиді дейді.Әуелі анасы,соңа соң әйелдер
мүжіп қайтарып береді.Оны жіпке тағып нәрестені қырқынан шығарылғанша
іліп қояды.Шілдехана тойы әнмен жалғасын табады.

Қариялар,ақ жаулықты әжелер балаға тілектер айтып,батасын береді.



Бесік жабдықтары. Бесікке салу

Бесік — нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Тек әр түрлі үлгіде жасалады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. Шүмекті қойдың асық жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады. Бесіктегі баланың аяғы, кеудесі қатты байланатындықтан, оның қан айналу жүйесіне керісінше әсер етеді.

Сондықтан баланы бесіктен жиі босатып, қол-аяғын қозғап, арнайы жаттығулар жасайды. Бесікпен қоса құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізе жастық, бесік көрпе даярланады. Бесіктің жер бесік, аспалы бесік (әлпеншек) деген екі түрі кездеседі. Қазақта бесік қасиетті, киелі құтты мүлік болып есептеледі.

Бесіктің жасау-жабдықтары

Жас нәрестені бесікке бөлеу үшін төмендегідей жасау-жабдықтар қажет.

Ши. Бесік шабақтарының үстіне төселетін шиден тоқылған төсеніш. Түбек бекітілген тұсында ойығы болады.

Жөргек. Жұқа, талдырып басылған киіз төсеніш. Осыны кейде қаузау деп те атайды (қаузау киіз).

Құс төсек. Жөргектің үстіне төселетін арасына құс жүні салынып қабылған жұмсақ төсеніш. Оның да түбек түсетін тұсында ойығы болады.

Жастық. Бесіктің енімен сәйкес келетін, арасына құс жүні толтырылған кішкене жастық.

Көрпе. Жай матадан әзірленген көрпені жаздығүні, ал арасына мақта салып қабылған көрпені қыстығүні қолданады.

Кепіл. Нәрестенің жамбас тұсына, тізесіне кепіл ретінде арнайы тігілген бірнеше кішкене жастықшалар қойылады. Ол жастықшалар түбек орналасқан ойықтың төңірегіне төселеді.

Тартпа бау. Тартпа бауларды кейде таңғыш деп те атай береді, олар құр тәрізді биязы жіптен тоқылады. Немесе екі-үш қабат матаны сырып, бауларды ызып әзірлейді. Тартпаның біреуі бөленген, құндақталған нәрестенің көкірек тұсынан, екіншісі тізенің үстінен түседі. Тартпа баудың ұштары бесіктің екі жағындағы сабау ағаштарға таңылады.

Түбек. Түбек қыштан, көннен, күйдірілген саз балшықтан немесе мыс, жез қаңылтырдан әзірленеді. Қыстығүні сыртына киіз, қайыс немесе былғарыдан тігілген қап кигізіп қояды. Түбектің түбіне сәл күл сеуіп қолданады.

Шүмек. Шүмекті ағаштан да сүйектен де әзірлеуге болады. Ұл баланың шүмегін асықты жіліктің асық тұрған басынан ойық ойып әзірлейді. Екінші қарама-қарсы басын шорт кесіп тастап, қырларын егеп жұмырлап қояды. Қыз баланың шүмегін ескі, көп ұсталып майсінді болған уықтың қарынан (иінінен) жасайды, ойығын ұлдікіне қарағанда сәл сопақтау етіп ойған жөн. Шүмек баланың денесіне баптау үшін қырларын тегістеп жылтыратып, зәрді сорып алмауы үшін майға қайнатып алған соң пайдалана беруге болады.

Жабу. Бесіктің көлеміне сай, жұқа матадан тігілген, кестеленген арнаулы жабуы болады. Ол бесікке бөленген жас нәрестені маса-шыбыннан, желден, шаң-тозаңнан, күн көзінен, суықтан қорғайды.

Тұсау кесер

Тұсаукесер - халқымыздың үлкен мәнге ие салттарының бірі.

Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілектен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл «ала жіп» аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, оны жүріс-тұрысы жылдам, білімді, таза, пысық ер немесе

әйелге кестіреді. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртеді, шашау шашылады. Баланың ата-анасы тұсаукесер кәдесін береді. «Тұсау кесердің» арнаулы жыры бар.

«Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Тағы, тағы баса ғой,
Тақымыңды жаза балам,
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын, қадамың»

Тұсау кесердің жібін дайындаудың бірнеше түрлері, жолдары, сенімдері бар.

«Көбейіп, көгере берсін» деп жіпті көк шөптен есіп жасайды.

«Бай болсын» деп малдың токішігін де өреді.

«Адал болсын» деп ала жіптен де жасайды.



Тілашар тойы

Әр отбасында баласы жеті жасқа толып, мектепке оқуға баратын шақта баланың өміріндегі ата-ананың өміріндегі маңызды, елеулі сәттердің бірі екендігі де даусыз. Әсіресе, бала үшін өміріндегі үлкен қадам, білім алудағы алғашқы баспалдағы болғандықтан есте қаларлықтай кезеңдердің бірі. Бала мектепке баруға дайындықты бастаған сәтте оған мектепке арнап киім-кешек пен білім алу үшін құрал-жабдықтарды сатып алып берген кезде әке-шешесі шағын той өткізеді. Бұл дәстүрлі тілашар тойы. Осы тойға жиналған үлкен кісілер балаға ақ батасын беріп, ақ тілегін ақтарады. Балаға «Сен енді өстің. Аға-әпкелерің секілді білімді бол! Ұшқыр бол! Ақылды, саналы бол! Зейінді, зерделі бол!» деп жақсы тілектерін айтады. Баланың жаңа киімі мен бұйымдарына құтты болсын айтып, байғазысын береді. Бұл тәрбие жолы. Балаға шат-шадыман көңіл-күй сыйлаумен қоса, оған жауапкершілікті сезіндіреді, білім алуға деген құлшынысын оятып, қызықтырады. Қазақ халқы сөзге шешен, сөз құдыретін қастерлеп келген халық. Әр ата-ана «балам шешен болсын, тез сөйлеп кетсін» деген оймен баланың жылдам сөйлеп кетуін қалайды. Қазақтың көне ғұрпы бойынша бала алғаш рет былдырлап «сөйлей» бастағанда, бір-екі сөздің басын қосып сөйлеуге талпынғанда да осы «тілашар тойын» жасайды. Мұны қазір тойламайды, дегенмен баланың әр жетістігіне қуанып, тілеуін тілейді.



Дидактикалық ойын «Оқу құралдары»

Керекті жабдықтар: екі портфель, оқу құралдары мен ойыншықтар суреттері.

Ойынның шарты: тақтаға оқу құралдары мен ойыншықтар суреттері ілінеді. Педагог балаларға мектепке қандай оқу құралдары өажет екенін сұрайды. Екі бала тақтаға шығып екі портфельге оқу құралдарын жинақтап салып шығады. Ойын соңында қай бала тапсырманы дұрыс орындағанын айтады.

Мақсаты: баланың есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Білімге деген құштарлығын ояту.

Сүйінші!

Сүйінші – қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық. Дүниеге жас нәресте келуін, келін түскенді, алыстағы сағынған адамның келгендігін, жоғары атақ, үлкен сыйлық берілуін, т.б. қуанышты сәттерді алғаш хабарлаушы сүйінші сұрайды. Сүйіншіге бағалы зат немесе акша береді. Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.

Халқымызда біреу екінші адамға жақсы хабар жеткізіп қуантса, сүйінші кәдесін алатын салт бар. Бұрынғы әдет-ғұрып заңы бойынша жоғалған қымбат затты тауып, не оның қайда екенін көрсеткен, не ұрыны ұстаған адамдар иесінен сүйінші дәметкен, егер иесі бұны беруден қашқақтаса, биге жүгінуге хақылы болған.

Сүйінші көлемі хабаршының көрсеткен қызметіне және жоғалып табылған заттың бағасына байланысты анықталған. Мәселен, ұрланған малды тауып әкеліп берсе, одан әлгі малдың құнынан жиырмадан бірін, ал ұрыдан тартып алса, бестен бірін, ал ұрының өзін әкелсе, ұрланған малдың жарты құнындай сый алған. Егер хабаршы жоғалған малды көрмей, оның қайда екенің естуі бойынша жеткізсе, құлақ сүйінші алған. Ұры жоғалған малды өзі әкеліп берсе, әрине сүйінші дәметуге хақысы жоқ. Егер жоғалған малды табуға, не ұрының мойнына қойып беруге уәде етіп, сүйінші алған адам, уәдесін орындамаса, алған сүйіншісінің белгілі бір бөлігін қайтаруға тиіс.

Жалпы қазақ халқында сүйінші жақсылықтың нышаны. Беті балбұл жанып сүйінші сұрай келген адамға қалағаныңды ал, деп қолын еш қақпаған. Күні бүгінге дейін бұл дәстүр жалғасын тауып, сүйінші сұрау жақсылықтың, қуаныштың нышаны болып келеді.

Сүйінші берілмеген жағдайда, сұраушының бағалы зат алып қашуына болады.

Жеті ата

Жеті ата — қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т. б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады.

1. Әке, 2. Бала, 3. Немере, 4. Шөбере, 5. Шөпшек, 6. Көгенжат, 7. Туажат

Бата түрлері

Қазақ халқының ежелден келе жатқан өзіндік орны бар салт-дәстүрлерінің бірі. Халқымыз ақ ниетпен бата беріп, жақындары үшін тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. Оны кез келген адам айта бермейді және тойдағы тілектен айтарлықтай өзгешеленеді. Кімге қаратып айтылатынына қатысты да мәтіні өзгеріп отырады. Бата берудің мақсат-мазмұны сан түрлі болып келеді. Сонау көне заманнан келе жатқан игі дәстүрге халық ерекше мән берген. Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ақ бата берудің, алғыс айтудың жас ұрпақты кішілік пен кісілікке тәрбиелеуде айтарлықтай әсері бар.

Баталардың түрлері

Бата қай кезде және кімге қарата айтылып тұрғанына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Олар — жарапазан батасы, серттесу батасы, жол батасы, жаңа ай батасы, теріс бата, соғым батасы, көші-қон батасы, жас отау иелеріне арналған бата және өлім шыққан үйде айтылатын бата және т.б.

Ас батасы

Наурыз батасы

Сапар батасы

Балаларға арналған бата

Мереке батасы

Сапар-жорық батасы

Ас-нәзір батасы

Қарияларға берілетін баталар

Сәбилерге берілетін батлар

Балаларға берілетін баталар

"Жеті" – қазақ халқы үшін киелі сан. Ата-бабамыз жеті санын қастерлеп, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, ата заңдарына арқау етіп келген. Мысалы, қазақтың дәстүрлі дүниетанымында "Жеті қазына" деген ерекше ұғым бар.

Жеті қазынаға не кіреді?

Бүгінде жеті қазынаның бір емес, бірнеше нұсқасы бар. Қазақ халқы дәріптеген қастерлі дүниеге қатысты талас-тартыс, даулы әңгіме әлі де көп. Жалпы жеті қазына ертеректе көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырған. Сол себепті оған жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қандыауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездікті жатқызған.

Дидактикалық ойын «Ұлттық киімдер»

Мақсаты: ұлттық киім және киім түрлері, киімнің қолданылуы, оның тұрмыстағы рөлі туралы түсінігін кеңейту. Ұлттық құндылықтарымызды құрметтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық ойын «Орамал тастамақ»

Ол жазда, алаңда, көгалды шөптесін жерде ойналады. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын соншалықты қызық болады.

Ойынның шарты: Ойнаушылар тең екі топқа бөлінеді де, арасы он адымдай екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарласа тұрады. Жүргізуші қолындағы орамалын бірінші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да: «қа» деп дауыстайды. Ол қағып «ғаз», дейді, болмаса «ла» дейді. Сонда «қағаз», «қала», т. б. сөздер шығады. Айтатын сөз екі буыннан ғана тұруы керек, мысалы «са» деп дауыстаса, «са-дақ», «са-қа», «са-бын»-, «са-қал», «са-рын» т. б. сияқты сөздер айтылуы керек. Орамалды қағып алған ойыншы сол бірінші буынның сөзі шығатындай етіп айтуы керек. Егер ол екі буынға арналған сөздің алғашқы буынын тез, дұрыс тауып айта алмаса, онда ортаға шығып, өнер көрсетеді. Енді орамалды қарсыластар тобына өзі лақтырады. Лақтырған кезде жаңағыдай сөздердің бірінші буынын айтуы керек. Жазаны жауап бере алмаған ойыншы да тартып, ортаға шығып өнер көрсетеді. Осылайша екі топтың ойыншылары орамалды бір-біріне лақтыра отырып ойынды жалғастыра береді.

Мақсаты: балалардың сөздік қорын жетілдіру, тапқырлыққа, достыққа тәрбиелеу.

«Киіз үйдің жабдықтары мен құралдары»

Киіз үйдің жабдықтары: Киіз үй кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, табалдырық, маңдайша, таяныш секілді негізгі бөліктерден тұрады. Ал керегенің өзінің көптеген атаулары бар: керегенің қанаты (төрт, бес, алты, сегіз, тоғыз, он, он екі қанат), керегенің басы, қасы, көзі, сағанағы, аяғы, иегі, көгі.

Тыйым сөздер

Тыйым - тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі.

Бұл балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда маңызды қызмет атқарады. «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» деген мақал осыған байланысты шыққан. «Бүйірін таяну –қайғының, жағын таяну - мұң-шердің, жүресінен отыру - әдепсіздіктің белгісі» деп танып, оған **тыйым** салған. Демек, тыйым - халықтық педагогиканың құрамдас бөлігі. Тыйым үлгілері мен сөздері ел ішінде өте көп.

- Ақты жерге, суға төкпе.
- Адамды шошытпа.
- Адамды айналма.
- Адалды араммен араластырма.
- Асты қорлама, үрлеме.
- Адамды малды аттама.
- Аспанға қарап түкірме
- Арамтамақ болма.
- Әдепсіз болма.
- Әлсізге күш көрсетпе, зәбірлеме
- Басыңды шайқама, соқпа.
- Босағада отырма.
- Босағаны көрме.
- Баскиіміңді аяғыңа киме.
- Бос бесікті тербетпе.
- Білмесең айтпа.
- Бейуақытта жылама, ұйықтама.
- Бөркіңді теріс киме.
- Баланы басқа ұрма.
- Бетіңді сызба, қисайтпа.
- Баланы шошытпа.
- Біреуге жамандық тілеме.
- Басыңа ие бол.
- Досыңды өкпелетпе.
- Дәмге түкірме, жамандама.

- Дініңді сатпа, айырбастама.
- Дастарқанды аттама, баспа.
- Досыңды сатпа.
- Еңбектен қашпа.
- Еріншек болма.
- Ерніңді шығарма.
- Есікті қатты жаппа.
- Ер-тұрманды аттама.

Жұмбақтар шешу

Судан шықса баладай,
Тәй - тәй басып қалады - ай.

Жауабы: Қаз

Қанаты бар,
Қауырсыны жоқ.

Жауабы: Жарқанат

Күндіз тіпті ұшпайды,
Түнде тышқан ұстайды,
Көзі шамға ұқсайды.

Жауабы: Жапалақ

Тіріден өлі туады,
Өліден тірі туады.

Жауабы: Жұмыртқа

Аяғы түйеге ұқсайды,
Құс болса да ұшпайды.

Жауабы: Түйеқұс

Жаңылтпаштар жаттайық

Мысық күшікпен ойнамайды.
Тышқан мысықпен ойнамайды.
Мысық күшікті, тышқан мысықты
Шын досым деп санамайды.

Бұзауымды бақтың
Арасына бақтым.
Бақбақ гүлін бақтың
Бұзауыма тақтым.

Күшігім менің Әуілдек

Көп үреді әуілдеп,
Көп үрген соң, әуілдеп,
Аты оның – Әуілдек.

Шуақтаған ботамды,
Шуға апарып шуладым.
Шудалаған шудасын,
Суға салдым,
Судан алдым,
Суға малдым.

Ай, ай, Айдарбай,
Иір мүйіз сиырды
Үйіңе айдай бар!

Қарамайлы қарағайды
Кесейін бе, кеспейін бе?
Қазықтағы қара тайды
Шешейін бе, шешпейін бе?

Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.
Суға сақалын мала, сілке,
Суға сақалын мала, сілке.

Құрақ дегеніміз не?

Құрақ – төрге төсейтін көрпеше. Мата қиындыларын қиюластырып, тұмарша, сегіз жапырақ, ромб және неше түрлі қазақи нақыштағы оюлардан , өрнектерден құралған көрпені Құрақ немесе Құрақ көрпе деп атайды. Ежелден қонақжай қазақ халқы төрін қонаққа арналған “қасиетті орын” санаған. Құрақ – түрлі мата қиындыларынан қиюластырып тігілген қолөнер бұйымы. Халық арасында кең тарағаны – тұмарша, сегіз жапырақ, ромб және сан түрлі ою-өрнектерден құралған құрақ көрпе. Құрақ көрпенің арасына мақта және қойдың, түйенің жүнін салып, сырып тіккен. Құрақ құрап көрпе ғана тікпеген. Сондай-ақ қоржын, кеудеше, тақия, қиық сырмақ, жастық, аяққап, қолқапшық, халат және ойыншықтар жасаған.



Домбыра және оның құрылысы

Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра. Қадыр ақынның айтып кеткен бір ауыз сөзі қазақ үшін өміршең ұғымға айналды. Қазақ пен домбыра егіз ұғым іспеттес. Содан болса керек, қазақта домбыраның түрі де, жасау тәсілі де көп. Ғалымдардың айтуынша, бүгінде қазақта домбыраның 20-дан астам түрі бар. Олардың кейбірі көне түрлері болса, енді бірі - жаңасы.



Ұлттық ет тағамдары

Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Сондықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды жоғары қойған. «Астан үлкен емессің»,

«Ерді қорласаң састырар, асты қорласаң құстырар» деген секілді ескертпе сөздер, мақал- мәтелдер осының дәлелі. Қай заманда, қалай айтылғанына қарамастан, халық асты құрметтеудің жолын, оны әзірлеудің көзін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыруды, жақсылар мен жайсандарды құрметтеуді, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын, ел дәулетін қазақ кең дастарқаны арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен.

Қазақша ет

Біздің халқымыздың құрметті кісілерге ұсынатын кәделі, әрі орны бөлек тағамдарының ең бастысы – қазақша ет немесе бешбармақ. Қазақтар сыйлы қонақтарға мал басын көрсетіп, табақ-табақ ет тартқан. Табақ тарту да үлкен өнер.

Қуырдақ

Қуырдақ - соғыммен бірге жасалынатын кәделі әрі дәстүрлі тағам. Соғым сойылған үйде қуырдақтың дайындалмауы мүмкін емес. Әзірленуі қиын емес және тез піседі. Қуырдақты сұрп ет пен өкпе бауырды, бүйректі майлы ішек-қарынға араластырып, қуырып пісіреді.

Сірне

Жас төлдің етінен пісірілетін дәмді тағам. Қозы мүшесін жіліктеп қазанға салып, үстіне бие сүтін немесе жаңа тартылған сұйық қаймақ құйып, тұз салады да, буын сыртқа шығармай, бұқтырып жайымен қайнатады. Сонда сүт те, қаймақ та етке сіңіп, оның сүйегіне дейін жұмсарып пісіп шығады.

Ақсорпа

Ерте замандардан бері қазақ семіз жылқы, сиыр сойған кезде, соғым сүйектерін далаға тастамай, жинап қоятын болған. Ет таусылған жағдайда, сол сүйектерді қазанға салып, су құйып қайнатқан. Майлы сүйектер қайнаған кезде, одан кәдімгі майлы сорпа шығады. Түсі ақшыл болғандықтан, оны «ақ сорпа» деп атайды.

Сүт тағамдары

Ұлттық тағамдардың ішінде ежелгі және көпшілікке ортақ тағамның бірі ақ екені бәрімізге белгілі. «Ағы бардың бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамын бақыт, несібесі деп білген. Сүтті соншалық қасиеттеудің басты себебі – ол тіршілік арқауы, одан неше алуан құнарлы тағамдар әзірлеп, дастарқан молшылығын жасаған.

Сүт тағамдарынан қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, қатық, айран, уыз, май, сүзбе тағы басқаларын күнделікті пайдаланамыз. Бұлардың барлығының да адам денсаулығына тигізер пайдасы мол.

Сүт – басқа ешқандай азық- түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Өйткені организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 пайызы сіңеді. Сондай- ақ

сүт амин қышқылдарының, макро және микроэлементтерінің, витаминдерінің таптырмайтын көзі.

Бауырсақ қалай жасалады?

Бауырсақ — қазақтың ұлттық тағамы. Бауырсақ – бидай ұнын ашытып, әртүрлі үлгіде жасап, майға пісіреді.

Қазақтың той, мереке дастарқанында міндетті түрде бауырсақ болуға тиісті. Ыстық бауырсаққа сары май жағып жесең, өте дәмді

Дәмді бауырсақ үшін керек заттар: сұйық май, 1 жұмыртқа, қаймақ, ұн, құрғақ ашытқы, жылы су, қант және тұз.

Қаймақты ашыған айран немесе майонезбен алмастыруға болады. Негізінен бауырсақтар әр өңірде әртүрлі жасалынады. Мысалы, үлкен, домалақ, ішіндегі қамыры мол, сыртқы түсі аппақ бауырсақтар пісіріледі, олардан кішірек, жақсылап қуырылған қып-қызыл өріктей бауырсақтар пісіріледі, іші қуыс домалақ сары бауырсақтар, кіп-кішкентай тіске салғанда қыртылдап беретін ши бауырсақтар, төрт бұрыш пішінді ішінде қамыры мол сары бауырсақтар, төрт бұрышты жалпақ бауырсақтар тағы басқа түрлі бауырсақтар кездеседі.

Қонақ күту салты

Қазақ халқы – ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі бұрын танысын, танымасын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Жол жүріп кеп жатқан жолаушы «бөлінбеген еншісін бар» деп, жалынбай ауылдың кез келген үйіне түсіп, қонақ берген. Оның үстіне қазақта «қырықтың бірі қыдыр», «қонақты қусаң – құт, ырыс, қашады», «Қонақпен еріп құт, ырыс келеді» деген мәтелдер бар. Сөйтіп, бөлінбейтін еншіге қиянат жасауға болмайды. Сондықтан халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән берген. Қонақты үй иесі, қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі кіріп есікті жабады. Бұл – қонақпен еріп келген «құт» бірге кірсін дегені Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған.

Қазақ халқы қонақтарды «арнайы қонақ» (қонақ) «құдайы қонақ» (жолаушылар келе жатып түстеніп не бір күн түнеп шығатын қонақ) «қыдырма қонақ» (алыстан ағайын, туған туыстарын арнайы іздеп келіп, бір немес бірнеше күн олардың сый-құрметін көріп қайтатын қонақ), «қылғыма қонақ» (қай үйден түтін шықса, қай үйге қонақ келсе, соны аңдып жүріп кеп қалатын сүйкімсіз қонақ) деп бөлген. Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады. Ең алдымен қонақтарға сусын, қымыз, шұбат, және т.б. беріледі. Содан кейін шай ішіледі.

Сюжеттік ролдік ойын: «Қонақ күту- ата дәстүріміз»

Мақсаты: Балаларды қонақ күту, қонақ бола білу мәдениетіне үйрету, әдептілікке, кішіпейілділікке, қонақжайлыққа тәрбиелеу, тілдерін дамыту, сөздік қорларын жаңа сөздермен молайту.

Наурыз мейрамы

Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде *нава*=жаңа + *рәзаңһ*=күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (*но*=жаңа + *роуз*=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді.

Наурыз - күн мен түннің теңеліп, табиғаттың жаңаратын, бәріміз үшін берекенің бастауы болған мейрам. Тамыры тереңге кеткен мереке-халқымыздың болмасы, ырысы мен бірлігі, өнері мен мәдениеті, дәстүрімізбен діліміздің өзегі. Бұл күні адамдар өзара өкпе-назын ұмытып, кешірімге жасап, татуласқан. Ақ дастарқан басында ақжарқын көңілмен қауышып, жеті түрлі дәмнен тұратын наурыз көжеден дәм татқан. Тал көшеттері егіліп, бұлақ көзі ашылатын болған. Көктемнің жаңару күнінде айнала тазартылып, топыраққа дән түскен. Тамыры тереңде жатқан ежелгі наурыз мерекесі қазіргі кезде жаңарған қоғамымызбен үйлесім тауып, Отанымыздағы достық пен келісімді нығайтуда маңызды рөлге ие болып келеді.

Наурыз көже

Наурыз көже - Ұлыстың ұлы күні жасалатын қасиетті ас. Оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосылады. Түркі халықтарының ұғымында жеті саны қасиетті саналғандықтан, наурыз көжеге жеті түрлі дәм қосылады. Оған қоса, ол - тоқшылық пен ырыс құттың жоралғысы. Төменде наурыз көженің даярлану үлгісін ұсынып отырмыз

Құрамы:

1 келі ет Қазы, қарта

100 грамм бидай

100 грамм күріш

100 грамм жарма (перловка)

100 грамм тары

Тұз

3 литр су

1 литр айран


Қазанға су құйып, ет, қазы-қартаны салып, қайнатыңыз. Алғаш қайнағанда сорпаның көбігін алуды ұмытпаңыз. 1,5-2 сағаттай қайнатып, етті сүзіп алыңыз. Енді дәндерді жақсылап жуып, бірінші бидайды салып, 5 минут қайнатыңыз. Екінші жарманы және күрішті салып, 5 минут қайнаған соң, тарыны салыңыз. Талғамыңызға қарай тұздаңыз. Дәндер пісіп болды-ау

дегенде оттан түсіріп, салқын жерге қойыңыз. Қазаннан түсірілген еттерді ұсақтап турап, барлығын сорпаға айранмен қосып араластырыңыз.

Қамшы өру

Қазақтың қолөнері – ұлттық мұрамыз, халық қазынасы. Ұлттық қол- өнеріміз халықтың этикалық, эстетикалық, мәдени дәстүрін көрсетеді. Қазақ халқының таза, табиғи материалдардан жасалатын қолөнері бүгінде ұлттық брендке айналып келеді.

Қамшы — қазақ халқының байырғы кездегі шаруашылық, мәдени өмірінде аса кең тараған, көлікті айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әртүрлі нұсқада түйіп, тобылғы немесе басқа затқа саптап жасаған ежелгі ат айдауыш құралдардың бірі, ер-тұрманның бір құрамы.



Шаш өру әдісі

Қазақ халқы әйелдердің сұлу шашын ертеден-ақ жоғары бағалаған. Осыған байланысты әдет-ғұрыптар, тыйымдар туған. Шашыңды отқа тастама, шашыңды жайма, шашыңды қима деген тыйымдар бар. Ал, қыздар бұрымын дара өреді, бір-біріне жалғамайды. Қыздарға Алтыншаш, Қарашаш, Сұлушаш деген ат қоюдың өзі шаш қасиетін көрсетеді емес пе?

Қыз сұлу көрінеді қылығымен,
Жарыса төгілген қос бұрымымен.

Шаштың жақсы өсуі үшін оны үнемі жақсы күтіп, май жағып отыру қажет. Шашты жылы суға жуып, белгілі бір сусабынды пайдалану керек. Шашты сабынмен жуудың қажеті жоқ. Шаштың түсі өзгеріп, жарқырап жайнамайды. Ұзын шашты өте ұқыптылықпен жуып, шашты тарап отыру керек. дәлелі.Шашқа қосатын, жалғайтын, кигізетін, тарайтын, жағатын, тағатын зергерлік әсем бұйымдар бар.



Ұлттық ойындар

Арқан тарту.

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Хан «алшы»

Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.

Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

Ақсерек-көксерек.

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды

Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші Ақсерек – ау ақ серек

Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Асық ойынының түрлері

Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т. б. Кеңес өкіметі кезеңінде, ұлттық ойындар оның ішінде асық ойыны еріккеннің ермегі, ойын балаларға тәрбие бермейді деп есептелді. "Асық ойнаған, азар, доп ойнаған тозар -деп мақалдап та жүрдік.

Ханталапай

Қазақта асық ойынның түрлері көп. Сондай ойындардың бірі қазақтың ежелден келе жатқан Ханталапай ойыны. Бұл ойынның басты ерекшеліктерінің бірі – ойынды тек ер балалар ғана емес, қыз балалар да ойнайтын болған. Ойынның ережесі бойынша төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асық өзгелерден ерекшеленіп тұруы қажет. Оның түсі не қызыл, не көк түске боялуы шарт. Ойынның ережесі: Ойын еденге жайылған киіз немесе тақыр кілем бетінде ойналады. Ойыншылар саны екеу болса қарама-қарсы, онан көп болса айнала отырады. Ойынды кім бастайтынын анықтау үшін, ойыншылар кезекпен хан асығын ортаға иіреді. Ханы алшы немесе үш рет тәйке түскен ойыншы ойынды бастайды. Бастаған ойыншы барлық 21 асықты уысыны жинап, ортаға жайып салады. Асықтарды бір төбеге үйіп тастамай, не болмаса бір-бірінен тым алшақ шашып тастамай соғу, ойында жеңіске жетудің үлкен кепілі. Сондай-ақ, ойнап отырған ойыншы үндемей отыруы керек. Егер байқамай сөйлеп қойса, онда кезек келесі ойыншыға көшеді. Асықтар ортаға соғылған сәттен бастап, бар ойыншылардың назары ханда болуы керек. Егер хан алшысынан түсіп жатса, ойыншылар "ТАЛАПАЙ" деп айқайлап, ортаға бас салып мейлінше көп асық жинауға тырысады. Хан алшы түспеген жағдайда, ойындағы ойыншы соққан асықтардың арасынан, басқа асықтарды қимылдатпай, алшысынан түсіп жатқан асықтарды жинап алады.

